

**«Жыланбұған» жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



**Кәсіби бағдар беруші педагогі
А.Равшанбековтың
2023-2024 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстарының
жылдық есебі**

2023-2024 оқу жылы

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің кәсіби бағыт бағдар беруші А.Равшанбековтың
2023-2024 оқу жылындағы жылдық есебі**

11 сыныбына жүргізілген диагностикалық зерттеу жұмысының

АНЫҚТАМАСЫ

2023 жылдың қыркүйек айында диагностикалық жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың тақырыбы : Дж.Голланд әдістемесі

Жұмыстың мақсаты: оқушылардың мамандықтар атаумен таныстыру,
ақпараттандыру, олардың қай типке жататынын анықтау.

Диагностикалық жұмысқа қатысқан адам саны: 9

Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы: Бланкіде әртүрлі мамандықты парлап
келтірген. Әр пардан өзіңіз жоғары бағалаған мамандықтың біреуін алыңыз. Қалған
барлық мамандықтар солай жалғаса береді.

Бағалау нәтижесі:

Тип түрлері	Реалистік тип	Интеллек- туалдық тип.	Әлеу- меттік тип	Конвенци- ялық тип	Тапқыр тип	Әртістік тип.
Оқушылар саны	3	1	1	1	2	1
% - к- рсеткіші	35%	10%	10%	10%	25%	10%
Жалпы саны	9					

2023 жылдың қыркүйек айында 9 «А» сыныбына диагностикалық
зерттеу жұмысы жүргізілді.

Жұмыстың тақырыбы : Дж.Голланд әдістемесі

Жұмыстың мақсаты: оқушылардың мамандықтар атаумен таныстыру,
ақпараттандыру, олардың қай типке жататынын анықтау.

Диагностикалық жұмысқа қатысқан адам саны: 21

Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы: Бланкіде әртүрлі мамандықты парлап
келтірген. Әр пардан өзіңіз жоғары бағалаған мамандықтың біреуін алыңыз. Қалған
барлық мамандықтар солай жалғаса береді.

Бағалау нәтижесі:

Жұмыстың тақырыбы : Дж.Голланд әдістемесі

Жұмыстың мақсаты: оқушылардың мамандықтар атаумен таныстыру, ақпараттандыру, олардың қай типке жататынын анықтау. **Диагностикалық жұмысқа қатысқан адам саны:15**


Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы: Бланкіде әртүрлі мамандықты парлап келтірген. Әр пардан өзіңіз жоғары бағалаған мамандықтың біреуін алыңыз. Қалған барлық мамандықтар солай жалғаса береді.

Бағалау нәтижесі:

Тип түрлері	Реалистік тип	Интеллектуалдық тип.	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Тапқыр тип	Өртістік тип.
Оқушылар саны	4	2	4	3	1	2
% - көрсеткіші	28,6%	19%	23,9%	14,2%	4,8%	9,5%
Жалпы саны	21					

Оқушылардың білім сапасын арттыру және ұлттық бірінғай тестіне дайындалу мақсатында Шымкент қаласындағы Ustudy тест орталығына 2023 жылдың 14 қазан күні 11,10,9 сынып оқушыларын тест орталығына алып бару ұйымдарылды.

20.10.2023 жылы 9-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық әлеміне саяхат» тақырыбында эссе жазу жұмысы жүргізілді. **Мақсаты:** Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; турлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.



2023 жылдың 27 қазан күні Төлеби аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті аудандағы кәсіптік бағдар беруші педагогтарды өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік туғызу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жүр. Сол шаралардың бірі- Жанаұйым жалпы білім беретін мектебінің базасында «Мамандық-болашаққа бастар жол» атты семинар өткізілді.

Аталмыш семинарға қатысушылар «Мамандық таңдаудағы маңызды төрт сұрақ» бейнеролігін тамашалап, ерекше әсерге бөленді, соңынан ойларын ортаға салды. Кездесу барысында түлектер мамандық таңдау туралы құнды пікірлерімен бөлісті.

«Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында «Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің» оқушылары семинарға белсенді қатысты.

Семинар қызықты тренингке ұласып, мектеп бітірушілер ҰБТ-ға қатысты соңғы жаңалықтардан хабардар етілді. Сондай-ақ, бітіруші сынып оқушыларына еліміздегі жоғары оқу орындары туралы пайдалы мағлұмат берілді. Оқушылар мамандықтар туралы көптеген мағлұматтар алды.

07.11.-08.11.-09.11.2023 жылы 1-4 сынып оқушылары арасында «Мамандық әлеміне шолу» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді.

Сағатының мақсаты:

Сынып

- Оқушыларға

мамандық және еңбек туралы түсінігін кеңейту;

Оқушыларға кез келген мамандық маңызды және керек деген түсінігінің қалыптасуына көмектесу;

Мамандықтар әлемінде өз орнын табуға септігін тигізу;

Кез келген мамандық бар адамдарды, олардың еңбегін сыйлауға тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында балалар қызығушылық танытып белсенді қатысты. Сабақта оқушылар жұмбақтар шешті, сурет жинап қорғап шықты, мамандықтарға қажет құралдарын білді, белгілі бір әріптен мамандықтардың түрлерін атап шықты.



Оқушылардың білім сапасын арттыру және ұлттық бірінғай тестіне дайындалу мақсатында 10.11.2023 оқу жылы «Сұлтан рабат жалпы білім беретін мектебінде» 11 сынып оқушылары ақылы онлайн Ustudy тест ұйымдарылды. Оған біздің оқшылар қатысты және осы нәтижелерге ие болды.

№	Ф. И	Оқу/с	Мат/с	Қ.тар	1-пән	2-пән	жалпы
1	Икрамова Тахмина	6	4	8	Био-21	Хим-23	62
2	Латифова Зулфия	4	4	7	Геог-15	Био-13	43
3	Убайдуллаева Наргиза	3	2	8	Геог-13	Био-13	39
4	Шерметова Розибун	2	7	8	Био-10	Хим-19	46
5	Артиков Жасур	5	4	10	Қаз/т-20	Қаз-а-10	49
6	Аскариндинов Бобур	8	6	6	Био14	Геог-16	50



15.11.2023 жылы 11 сынып оқушылары арасында «Мамандық таңдау маңызды шешім» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді.

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың

болашақ мамандығын айқын да сенімді, таңдауға бағыт беру;

-Мамандыққа байланысты термин сөздердің жалпы мағынасын аша білу, қоғамға пайдасы тиетін, маман иесі болуға тәрбиелеу.


Әдіс –тәсілдер : ойындар, мақал-мәтел сайысы, жұмбақ шешу.

Оқушылар сынып сағат барысында мамандықтар туралы мағлұматтар алды, қандай мамандық иесі болатыны айты өтті.

16.11.2023 жылы 5-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік «Менің кәсіби болашағым» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, білікті маман болуға, сөздік қоры мол, ойын жеткізе алатын, жан-жақты дамыған ерекше сыныпты анықтау. Білім алушыларда шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік тудыру; Мамандықты қазірден таңдай білуге ықпал ету; Білім алушыларды сүйіспеншілікке, сезімталдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу; Білім алушылардың шығармашылық тұрғыдан дамуына қолдау көрсету; Сурет сайысына оқушылар белсене қатысты.

Жүлделі орынды алған 6 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 9 «А», 9 «В», 11, 10, сынып оқушылары алды, I орынды 5 «А», 7 «Б», 8 «А», 11, сынып оқушылары алды, II орынды 6 «В», 8 «Ә» сынып оқушылары алды, III орынды 6 «А», 6 «Б», 7 «А», 8 «Б» сынып оқушылары марапатталды.



17.11.2023 жылы 9-11 сынып оқушыларыны Жыланбұзған ауылында орналасқан емханасына «Ашық есік күніне» экскурсия ұйымдастырылды. Бұл экскурсияға 9-11 сыныптар арасында медицина мамандығына қызығушылық танытқан оқушыларды алып барылды.

Мақсаты: Оқушыларға медицинаның қыр-сырын үйрету, өздері таңдаған мамандықтың қызық та қиын екендігін көрсету. Сондай-ақ емханадағы білікті де білімді мамандармен танысып, сұхбат жүргізіп сұрақтарына жауап алды. мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын.

22.11.2023 жылы 9-10-11 9-11 сынып ұл балдарымен мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер беру мақсатында бағыт және мамандық таңдау үшін Шымкент қаласындағы «Гузал» жиһаз цехіне экскурсия ұйымдастырылды.. Мақсаты: Оқушыларды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларына жиһаз шеберханасының жұмысшылары мамандықтар туралы толық ақпарат беріп, шеберханаларына экскурсия жасалды. Оқушылардық қызығушылықтары артып, қызықтырған сұрақтарына жауап алды Цех ұжымы алғысымызды білдіреміз.

ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру, оқушыларының тандауы мен жұмыс жүргіземіз.

7-8 сынып оқушыларының ішінде үздік жазған оқушылар болды. Сынып жетекшілерімізге алғыс жарияланды. «Шебердің инесі де алтын, соққан күймесі де алтын» деп дана халқым айтқандай, әрбір адам өз мамандығының асқан шебері, мықты маман несі болуға бар күшін жұмсауы қажет деймін. Ол үшін талмай еңбектеніп, осы өмір жолында кездесетін қиыншылықтарға төтеп беріп, шыдамдылық пен төзімділік танытуы қажет деп есептеймін. Мен өзім де осы бағытымнан таймай, алдағы уақытта мықты маман, әрі адам жанын түсінетін, мықты тәрбиелейтін мұғалім болуды басты назарға коюдамын.



17.01.2024 жылы 9 сынып оқушыларды мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер беру мақсатында бағыт және мамандық таңдау үшін Ленгiр қаласындағы «№8 колледжге» экскурсия ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды мамандық бойынша керектi мәлiметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларына колледж даярлайтын мамандықтар туралы, директордың тәрбие жұмыстары жөнiндегi орынбасары Естаев Алмас Койшибаевич, жастар iстерi жөнiндегi инспекторы И. Байдусенова, өндiрiстiк шеберi Ж. Байтурова, қазақ тiлi пәнiнiң мұғалiмi Ж. Айтимбетова толық ақпарат берiп, шеберханаларына экскурсия жасалды. жиһаз шеберханасының жұмысшылары мамандықтар туралы толық ақпарат берiп, шеберханаларына экскурсия жасалды. Оқушылардық қызығушылықтары артып, қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Колледж ұжымына алғысымыз бiлдiреміз.

17.01.2024 жылы 4-11 сынып оқушылары арасында мектепшiлiк «Бiздiң достығымыз» фотоколлаж өткiзiлдi.

Мақсаты:

Оқушыларға достық туралы түсiнiк беру және бiздiң жерiмiзде әртүрлi ұлттар тұратынын, бiз үлкен бiрлiгiмiзбен достығымыз жарасқан мықты ел екенiмiздi түсiндiру. Оқушыларды көп ұлтты халқымыздың тыныштығымен бiрлiгiн нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу

2024 жылдың 18 қаңтар күні сағат 10.00 де Ленгер қаласындағы №7 мектеп-лицейінде 9-11 сынып оқушыларыны Алматы қаласындағы «Азаматтық авиация академиясы» педагогтерімен кездесу өтті. Кездесуде 9-11 сынып оқушыларына мамандықтың түрлерімен таныстырды. Академия көп деңгейлі жүйе бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады: бакалавриат-магистратура-докторантура- қайта даярлау, сонымен қатар Акдемияда білім беру қызметтерін ұсынуға арналған жоғары білікті мамандар, дамыған инфрақұрылым және материалдық- техникалық базасы бар. Азаматтық авиация академиясында Инженерия және инженерлік іс, көлік қызметтері, Ғылыми-педагогикалық бастауышта оқыту педагогикасы мен әлістемесі.

менеджмент және басқару, биологиялық және сабақтас ғылымдар, химиялық сараптама, ақпараттық технологиялар, электротехника және энергетика, білім беру топтарының атауы бар. Оқушылар мамандықтар туралы көптеген мағлұматтар алды.

19.01.2024 жылы 5-8 сынып оқушыларды мамандық таңдау бойынша мекемесінде 5-8 сынып оқушыларының арасында «Шеберлік» сынып сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларының кәсіби деңгейін арттыру және озық тәжірибемен алмасу, ой-өрісін кеңейту және білімнің жаңа салаларына тарту мақсатында түрлі әдістемелер, технологиялар өнерге баулу, ұлттық көлөнерді дәріптеу және рухани құндылыққа тәрбиелеу. Оқушылар тоқыма бұйымдарын жасау сыныптан тыс жұмысында оқушылар ілмек безбен, кесте, бисермен жұмыстар жүргізілді.

2024 жылдың 1 ақпан күні сағат 14.00 де Ленгер қаласындағы Аудандық мәдениет үйінде 11 сынып оқушыларыны Өскемен қаласындағы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Серпін» бағдарламасы бойынша педагогтерімен кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесу.

Міндеттері: Оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру; Кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту; Мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру; Оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Бүгінгі кездесуде Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің маркетинг, мәнсап және жұмысқа орналастыру орталығының жетекшісі Жаннел Болатқызы, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Серпін бөлімінің жетекшісі Байжұманова Лейла Төлеубайқызы, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің тәрбие бөлімінің маманы Анас Бақдәулет Мұхитдинұлы қатысты.

Кездесуде 11 сынып оқушыларына мамандықтың түрлерімен таныстырды. Академия көп деңгейлі жүйе бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады: **бакалавриат-магистратура-докторантура**. Педагогика және психология, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, математика, физика, информатика, химия, биология, география, гуманитарлық пәндер бойынша, қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі мен әдебиет, шет тілдері мұғалімдерін даярлау, арнайы педагогика мамандарын, ақпараттық технологиялар сонымен қатар азық-түлек өнемдері, орман шаруашылығы білім беру топтарының атауы бар. Оқушылар мамандықтар туралы көптеген мағлұматтар алды.

06.02.2024 жылы 9 сынып оқушылары арасында Лнгін қаласындағы «№8 колледж» мамандары келіп колледж туралы мағлұматтар берді, сонымен қатар колледж дайындайтын мамандықтармен таныстырылды. Колледж дайындайтын мамандықтар: «Электргазымен дәнекерлеуші», «Автомобиль жөндеу слесары», «Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик», «Арнайы тігінші», «Аспазшы», «Кондитер», «Компьютерлік аппараттық қамтамасызету операторы» мамандықтар бойыша түсінік берді.

19.02.2024 жылы 9 сынып оқушылары арасында «Мектептегі мінез құлық ережелері жеткіншектің жеті жарғысы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдепті, инабатты, үлкенді сыйлайтын, кішіге камкор болатын тұлға тәрбиелеу.

26.02.2024 жылы бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата – аналар мектебі жобасы аясында «Үйрен жақсы әдептен» атты ата-аналар сағаты болып өтті.

Ата – аналар сағатының мақсаты: оқушыларға қазақ халқының салт – дәстүрі мен, әдет – ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру. Халық өнегесін үйрету, ұлтымыздың дәстүрінен үлгі алу, имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесіндегі әдет-ғұрып пен салт-дәстүр ата дәстүр түрінде атадан балаға, әкеден немереге беріліп, бүгінгі күнге де жетті. Адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы, сыйластық, жарастық ортасы да отбасы.

Қазақ халқы, мейлі ол қыз бала, мейлі ұл бала болсын, олардың бойына 12-13 жастан бастап отбасы тәрбиесін сіңіре бастайды. Мұнда отбасының адам баласы үшін өсіп-өркендейтін алтын ұясы, қуаныш ошағы екендігі қарапайым тілмен әдіптеле түсіндірілді. Бүгінгі ата-аналар сағатында өздеріңіз куә болған дәстүрлерді естеріңізге сақтап саналарыңызға сіңіріп, өмірде қолдана біліңіздер. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін салт-дәстүрінің жанашыры болатыны аян.

27.02.2024 жылы 5-8 сынып оқушылары арасында «Құрылыс және саулет өнері» тақырыбында қолөнер көрмесі өткізілді. Мақсаты: Ата-бабамыздың халыққа сіңірген орасан зор еңбектерін балаларға насихаттау, үйірме арқылы пайдаланушылар қолөнер турлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу, іздену қабілеттерін дамыту, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту және ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіру, ағаш өңдейтін жұмысты ұйымдастыру. Қолөнер бұйымды жасату барасында ұқыптылыққа, үнемділікке, қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу. Технология сабағында оқушыларға қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымының, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсету. Осы жағынан алғанда ұлттық қол өнердің тәрбиелік, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді, қабілеттерін жетілуіне, белгілі бір кәсіпке бейімделуіне көмектеседі.



29.02.2024 жылы 9-11 сынып оқушылары «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» кездесу кеші болып өтті.

Мақсаты: 10 сынып оқушыларына кәсіптік жолды саналы түрде таңдауда тиімді көмек көрсету, балалардың мамандықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейту, мектеп оқушыларының мамандықтар әлемі және оларға қойылатын талаптар туралы түсініктерін қалыптастыру.

9-11 сынып білім алушыларына өз ісінің білікті мамандары, қадірменді қонақтар келіп, өз саласының қыр-сырымен, ерешеліктерімен бөлісті

2024 жылдың 05 наурыз күндері 9- сыныптарға психодиагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың тақырыбы:оқушылардың кәсіптік бағдар беру, пән үйірмелеріне тарту;

Жұмыстың мақсаты:орта буын оқушыларының кәсіби қызығушылығы мен қызмет түрлеріне икемділігін болжамдау және мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауға психологиялық көмек беру.

Зерттеу жұмысына қатысқандар саны – 93

Зерттеу нәтижесінде –оқушылардың 61% гуманитарлық бағытын таңдағанын , ол мамандықтың қиыншылықтары мен қызықтарын білетінін жазды. Қалған 33% оқушылар жаратылыстану бағытын таңдаған, 6 % өнер бағытын таңдаған.

Ұсыныстар : Оқушыларды пән үйірмелеріне тарту ,тәрбие сабақтарын жүргізу , ата-аналармен тығыз байланыс орнату , психологпен бірлесіп мамандық бойынша түсіндірме , кеңес беру жұмыстарын жүргізілді.

2024 жылдың 6 наурызында бір тұтас тәбие бағдарламасы аясында «Сүйіспеншілік-сыйластық кілті, тың Махаббат – татулықтың негізі» тақырыбында 1-4 сыныптар сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жүрегіндегі өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, жалпы қоршаған ортаға деген бауырмалдық, сүйіспеншілік, достық, сыйластық, махаббат құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту және тәрбиелеу.

Сынып сағатқа мектеп оқушылардың ата-аналары қатысып, оқушылардың өздері дайындаған қолөнер бұйымдарын аналарына сыйға тартты, өнерлерін көрсетті. Ана туралы әндерін айтып, билерін тамашалады.

Ата-аналар өз ризашылықтарын білдірді.

13.03.2024 жылы «Мамандық өмірімнің айнасы» тақырыбында 10 сынып оқушылары болашақ мамандық таңдаудға байланысты эссе жазды. **Мақсаты:** Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамадық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушының шығармашылық қабілетін дайындауға ат салысу, ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу, оқушыларның таңдауы мен жұмыс жүргіземіз.

Оқушылар: зағ қызметкер, тренер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, полиция қызметкері, дизайнер, дәрігер, тігінші болғысы келеді.

2024 жылдың 14 наурыз күні кәсіби бағдар бойынша Төлеби аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы подполковник Токсейіт Марпен Айдарович және Әскерден тыс жұмыс инспекторы Тұрғунов Нахепбек Мусабекұлы 9-11 сынып ұл балаларына Әскери жоғары оқу орындарына түсуге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:

9-11 сынып оқушыларына кәсіптік жолды саналы түрде таңдауда тиімді көмек көрсету. Білім алушы ұл балаларды әскери мамандық таңдауға қызықтыру, жас ұрпақты әскери оқу орындарына ынталандыру және кеңінен насихаттау.

2024 жылдың 17 наурыз күні бір тұтас тәбие бағдарламасы аясында

5-7 сыныптар **17 наурыз – Шаңырақ күні**

«Отбасы бақытының кілті - бірлікте» атты фотосурет байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

1.Оқушылардың отбасы, жанұяны қадірлеу, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

2.Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

3.Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу. Шаңырақ күні қазақстандықтардың жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін

көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді

2024 жылғы 3 сәуір күні мектебімізде кәсіби бағдар беру бойынша 9 сынып оқушыларымен Шымкент қаласындағы «АВИМЕД» көпсалалы колледж мамандарымен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Түсініктеме жүргізу барысында білім алушылар өзін қызықтырған бірнеше сұрақтарына, толықтай жауаптар алды. Мамандықты дұрыс таңдауымен, сапалы маман ретінде қалыптасуына ықпал ету мақсатында оқушылар назарына, колледжде даярланатын мамандықтар туралы және де оқу орнының тыныс-тіршілігі, жетістіктері жайында бейнематериалдар ұсынылды, қазіргі таңда медициналық мамандықтардың маңызыдылығын атап өтті.

Оқушылардың медицина саласына деген қызығушылықтары оянды. Медицина саласына деген қызығушылықтары ашылып, ата – аналарымен ақылдасатындарын айтты.

Мақсаты: Кәсіптік бағдар беру жүйесінің негізгі мақсаты мектеп түлектерінің болашақ кәсіби қызметін еркін және саналы таңдауы үшін колледжде қолайлы

жағдайлар жасау болып табылады.

2024 жылғы сәуір айында сағат 13.00-де «АШЫҚ ЕСІК» күніне 11 сыныптарының оқушыларына Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне экскурсия ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен камтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларына университет даярлайтын мамандықтар туралы ақпараттық технологиялар және энергетика жоғарғы мектебінің деканы, т.ғ.к., доцент Шертаев Ерман Тельманұлы және Заң факультетінің Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі декан орынбасары Бименов Кайрат Тлеубергенұлы, Кәсіптік бағдар беру орталығының директоры м.ү.а. Заурбеков Талғат Талапбекұлы университеттің мүмкіндіктерімен

2024 жылғы 5 сәуір күні 7 сынып оқушылары арасында «Менің арманымдағы мамандығым» тақырыбында шығармашылық сайыс өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. «Менің арманымдағы мамандығым» тақырыбында берілген тапсырмаларды орындады, өздері таңдап отырған мамандықтары туралы қаншалықты ақпарат білетіндіктерін ортаға салып, ой бөлісті «Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алуы керек? Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және нені үйренуі қажет? Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыз? Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыз?» деген сұрақтар төңірегінде ойларын ортаға салды. 7- сынып оқушылары шығармашылық сайыс белсене қатысты, өз ойларын еркін жеткізді

2024 жылдың 11 сәуір күні бір тұтас тәбие бағдарламасы аясында 3-4 сыныптар арасында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» атты фотоэкспозиция байқауы өткізілді. «Отбасы бақытының кілті - бірлікте» атты фотосурет байқауы ұйымдастырылды. **Мақсаты:**

1. Оқушылардың отбасы, жанұяны қадірлеу, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.
2. Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
3. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу. Шаңырақ күні қазақстандықтардың жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді

2024 жылдың 15-19 сәуір аралығында өтілетін «Кәсіптік бағдар беру» апталығы басталды. Апталықтың ашылу салтанатты оқушылардың өмір туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауға дұрыс бағыт бағдар беру және жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары линейка өткізіп, мектеп психологы тренинг өткізді. **Мақсаты:** Оқушылардың болашақ мамандығын айқын да сенімді таңдауға бағыт – бағдар беру.

15.04.2024 жылы 10-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық таңдау – өмірдің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. **Мақсаты:** мамандық туралы түсінік беру, оқушыларға қолдау көрсету, жоспарларын анықтау, мамандық таңдаудың қыр - сырларын меңгеру. Өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс таңдай білу баулу, мақсат қоя білуге икемділіктерін қалыптастыру. Оқушыларға өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес мамандық таңдауға әңгіме-диспутымыз үлкен септігін тигізді.

2024 жылдың 15 сәуір күні 9-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық әлеміне саяхат» тақырыбында эссе жазу жұмысы жүргізілді. **Мақсаты:** Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; турлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.

2024 жылдың 15 сәуір күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. **Мақсаты:** Білім алушылардың назарын болашақ кәсіби жолды саналы түрде таңдауға тарту; белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, кәсіби жоспар құруға жәрдемдесу. Конкурстың міндеттері: оқушылардың әлеуметтік және іскерлік белсенділігіне жәрдемдесу, балалар ортасында еңбек және кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілету; кәсіптер әлемі туралы түсініктерін кеңейту; оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу және қолдау. Сурет сайысына оқушылар белсене қатысты.

2024 жылдың 16 сәуір күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Мамандық әлеміне шолу» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді. **Мақсаты:**

- Оқушыларға мамандық және еңбек туралы түсінігін кеңейту;
 - Оқушыларға кез келген мамандық маңызды және керек деген түсінігінің қалыптасуына көмектесу;
 - Мамандықтар әлемінде өз орнын табуға септігін тигізу;
 - Кез келген мамандық бар адамдарды, олардың еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.
- Сынып сағаты барысында балалар қызығушылық танытып белсенді қатысты. Сабақта оқушылар жұмбақтар шешті, сурет жинап қорғап шықты, мамандықтарға қажет құралдарын білді, белгілі бір әріптен мамандықтардың түрлерін атап шықты.

2024 жылдың 16 сәуір күні 7 сынып оқушылары арасында «Қызықты мамандықтар туралы» тақырыбында викторина сабақ ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушылардың мамандыққа деген ықыласын, қызығушылығын арттыру арқылы өз калауын жасауға мүмкіндіктер туғызу. Мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Мамандық туралы жұмбақ, сұрақтар, әр түрле суреттер қолданылды. Викторина сайыстың нәтижесі бойынша екі топтың алған ұпайлары бірдей болды, ал ойынға белсенді қатысқаны үшін мақтау қағазымен марапатталады.

2024 жылдың 16 сәуір күні мұғалім мамандығын таңдаған жоғары сынып оқушылары бастауыш сыныптарға «Мұғалім өмірінің бір күні» тақырыбында сабақ өтті. Жоғары сынып оқушылары жауапкершілікті сезініп, өзі таңдаған мамандығын қызығушылығы артты. Шара соңын қортындылай келе, оқушы мұғалімнің бір күндігінен алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қызығы мен қиындығы туралы түсінік пен қарады. **Мақсаты:** Оқушылардың мамандық түрлері туралы кеңейту, педагогикалық мамандықтың маңызды екенін ұғындырып, мамандықтар туралы білуге деген ықыласын арттыру, барша мамандық елерінің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

2024 жылдың 17 сәуір күні 8 сынып оқушылары арасында «Барлық мамандық жақсы. Өзтандауың білсін» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.

Мақсаты: Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу. «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Ақпараттық сабақтың қорытындысы бойынша 8- сынып оқушылары белсене қатысты. Өз ойларын еркін жеткізді.

2024 жылдың 17 сәуір күні 9 сынып оқушылары арасында «Әлемде алуан-алуан мамандық бар ойлан да бірін тап» тақырыбында тәрбие сағат өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; оқушылардың қоғамға деген азаматтық позициясын қалыптастыра отырып, отан сүйгіштікке тәрбиелеу, кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.

Абай атамыз айтқандай «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды сүйсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» дегендей алға ұмтылып арманымызға жетіп, мамандық иесі болайық

2024 жылдың 17 сәуір күні 1-11 сынып оқушылары арасында «Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында кітапханада түрлі мамандықтар туралы кітаптар мен таныстырылды. **Мақсаты:** мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені, таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі. Мектепбіміздің кітапханасында «Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында ақпараттық стенді түрлі мамандықтар туралы материалдарымен толықтырылды. Оқушылар өздеріне қажетті мамандық туралы ақпарат ала білді

2024 жылдың 17 сәуір күні 9 сынып оқушылары арасында «Мамандық қалай дұрыс таңдау керек?» тақырыбында тәрбие сағат өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.

Бүгінгі мамандыққа арналған тәрбие сабағымыздан оқушыларға мамандық туралы түрлі сұрақтар қойылды. Өз ойларын еркін жеткізе білді.

2024 жылдың 17 сәуір күні 9 сынып оқушылары арасында «Өңірдегі еңбек нарығы» тақырыбында тәрбие сағат өткізілді.

Мақсаты: : еңбек ресурстарын тиімді және нәтижелі қамту. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамту аса 16 күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Нарыққа бет алған сайын бұл мәселе экономикалық өмір тіршілігінде өткір және батыл қойылған саяси экономикалық және әлеуметтік мақсаттарға жетудің шартты жағдайларының бірі.

Еңбек нарығы тек экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік, құқықтық және психологиялық қатынастарды да қамтиды. Әр түрлі елдерде бұл қатынастардың қалыптасуы тарихи тұрғыда бірдей жүрмеді. Нәтижесінде жеке елдерде белгілі бір айырмашылықтар қалыптасады.

2024 жылдың 18 сәуір күні 9-11 сынып ұл балдарымен «АШЫҚ ЕСІК» күніне мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер беру мақсатында бағыт және мамандық таңдау үшін Шымкент қаласындағы «Гузал» жиһаз цехіне экскурсия ұйымдастырылды.. Мақсаты: Оқушыларды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларына жиһаз шеберханасының жұмысшылары мамандықтар туралы толық ақпарат беріп, шеберханаларына экскурсия жасалды. Оқушылардың қызығушылықтары артып, қызықтырған сұрақтарына жауап алды Цех ұжымы алғысымызды білдіреміз.

19.04.2024 жылы 9 сынып оқушыларды «АШЫҚ ЕСІК» күніне мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер беру мақсатында бағыт және мамандық таңдау үшін Ленгир қаласындағы «№8 колледжге» экскурсия ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету болатын. Мектеп оқушыларына колледж даярлайтын мамандықтар туралы, № 8 колледж директоры Н. Калиева директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Естаев Алмас Койшибаевич , жастар істері жөніндегі инспекторы И. Байдусенова, өндірістік шебері Ж. Байтурова , Ағылшын пәні мұғалімі Х. Кадирова және орыс тілі пәні мұғалімі Д. Юнусова толық ақпарат беріп, шеберханаларына, спорт, аспаз бөлмелеріне экскурсия жасалды. жиһаз шеберханасының жұмысшылары мамандықтар туралы толық ақпарат беріп, шеберханаларына экскурсия жасалды. Оқушылардың қызығушылықтары артып, қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Колледж ұжымына алғысымыз білдіреміз.

2024 жылдың 18 сәуір күні 11 сынып ата- аналарымен «Мамандық таңдаудағы отбасылық рөлі» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Мақсаты: : Оқушылар мен ата-аналарға оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету.Ата-аналарға жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен таңдауға мүмкіншілік беруін түсіндіру. Ата-аналарға оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету.

Оқушының кәсіби қалыптасуына байланысты 11 сынып оқушыларының ата-аналарына топтық және жеке психологиялық кеңес беріп, ата-аналарға өз балаларына мамандық таңдау құқығын беруді ұсынылды және қосымша ата-аналарға мамандық негізгі 10 кеңестен тұратын психологиялық қолдау жадынамасы таратылды.

2024 жылдың 17-19 сәуір күні «Түлектер тақтасы» және «Мектеп түлектері – түлектер мақтанышы» стенд ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың ұжымға саналы қатыстылығын, оның адам өміріндегі рөлін түсінуін қалыптастыру, жеке және қоғамдық мүдделерді ұштастыра білу, ұжымда шынайы жолдастық пен достық атмосферасын құру; мұғалімдерге, аға буын өкілдеріне деген құрмет сезімі.

Оқушылардың туған мектебіне, кіші Отанына деген мақтанышсезіміне тәрбиелеу; қолданыстағы мектеп дәстүрлерін сақтауға жауапкершілік, жаңа дәстүрлерді қалыптастыруға көмектесу.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларын дамыту;

«Мектеп түлектері- мектеп мақтанышы» және «Түлектер тақтасы» ілінді. Тақтаға

осы мектеп бітірген, өз мамандығының хас білгірлерінің суреттері ілінді.

2024 жылдың 19 сәуір күні сағат 13-00 де Ленгер қаласындағы №7 мектеп-лицейінің акт залында «Өзбекәлі Жәнібеков» атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық Университетінің педагогиктармен педагогтерімен кездесу өтті.

Кездесуде 11-сынып оқушыларына мамандықтың түрлерімен таныстырды.

Университетте Әскери Кафедра Магистратура және Докторантура жұмыс істейы.

2024 жылдың 22 сәуір күні сағат 11-00 де 11 сынып оқушылары арасында «Қарағанда Букетов Университетінің» мамандары келіп университет туралы мағлұматтар берді, Университетте білім гранттары және жеңілдіктер қарастырылған. Әскери кафедра мен жатақханалар қарастырылған. Сонымен қатар, кафедра базасында тамақ өндірісіне қатысты мамандықтар бойынша колледж бітірушілеріне арналған оқудың қысқартылған түрі бар.

Мақсаты: мамандық туралы түсінік беру, оқушыларға қолдау көрсету, мамандық таңдаудың қыр - сырларын меңгеру; елімізге өз үлесін қоса білетін адал маман иесі болуға тәрбиелеу;

2024 жылдың 3 мамыр күні бір тұтас тәбие бағдарламасы аясында 2-3 сыныптар арасында «Отбасым алтын діңгегім» атты фото сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Балаларға жанұя жарастығы туралы түсініктерін кеңейте отырып, отбасы құндылығының мәнін ашу;

Отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру ;

Дамытушылық: Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелету арқылы, отбасында жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

Тәрбиелік: Шыдамдылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, бауырмалдыққа,

тәрбиелеу;

2024 жылдың 16 мамыр күні бір тұтас тәбие бағдарламасы аясында 5-8 сыныптар арасында «Отбасым FEST фестивалі» атты фото сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу. Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екенді-гін түсіндіру.Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың отбасын құндылыққа тәрбиелеу

Дамытушылық: Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелету арқылы, отбасында жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;



16.05.2024 жылы 9 сынып оқушылары арасында «М. Тынышпаев атындағы Шымкент көлік» мамандары келіп колледж туралы мағлұматтар берді, сонымен қатар колледж дайындайтын мамандықтармен таныстырылды. Мамандық атауы: «Теміржолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», «Автоматика, телемеханика және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», «Логистика», мамандықтар бойыша түсінік берді.

20.05.2023 жылы 9-11 сынып оқушылары арасында Шымкент қаласындағы «Парасат колледжінің» мамандары келіп колледж туралы мағлұматтар берді, сонымен қатар колледж дайындайтын мамандықтармен таныстырылды. Колледж дайындайтын мамандықтар: «Есеп және аудит», «Аударма ісі», «Банк және сақтандыру ісі», «Бастауыш білім беру мұғалімі», «Дене тәрбие және спорт», «Туризм», «Құқықтану», «Қонақ үй бизнесі», «Шаштараз өнері», «Тігінші», мамандықтар бойыша түсінік берді.

22.05.2024 жылы 9 сынып оқушылары арасында Шымкент қаласындағы «Отырар» колледжінің маманы колледждегі бар мамандықтар туралы ақпарат бере отырып, студенттерге қандай жағдайлар жасалатыны туралы айтып өтті, сонымен қатар колледж дайындайтын мамандықтармен таныстырылды. Колледж дайындайтын мамандықтар: «Есеп және аудит», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Бухгалтер», «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», «Дене тәрбие және спорт», «Киім дизайнері», «Банк операциялар жөніндегі менеджер», «Заңгер», «Бағдармалық қамтамасыздандыруды құрастырушы», мамандықтар бойыша түсінік берді.

Түсініктеме жүргізу барысында білім алушылар өзін қызықтырған бірнеше сұрақтарына, толықтай жауаптар алды.

Қорытынды: Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық

салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда кателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Менің жастарға айтарым, мемлекет және өздеріңнің ата – аналарың сендердің сапалы білім алуларың үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан ел алдындағы, аға ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпайық. Ерінбей, жалықпай білім алыңыздар. Жұмыс істеуді үйренейік. Қоғамымыздағы бар жаманат атаулыдан жиреніп, олармен келіспейтін болыңыздар. Жалған әдеттен безініздер. Ел – болашағы мына сіздердің қолдарыңызда.

Ұсыныс: оқушыларға кәсіби таңдау бойынша жеке кеңес беру жүргізілсін. Кәсіби мүдделер аныкталып, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілсін.

КББП:  А.Равшанбеков